

**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ
МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

II ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

II МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО - ПРАКТИЧЕСКОЙ
КОНФЕРЕНЦИИ

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ
КОММУНИКАЦИЯ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

PROCEEDINGS

OF THE II INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL
CONFERENCE

**«LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE »**



Астана / Astana

09 СӘУІР 2025
09 APRIL 2025

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF
KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ТІЛ. МӘДЕНИЕТ. АУДАРМА: ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ
ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС»**

**«ЯЗЫК. КУЛЬТУРА. ПЕРЕВОД: МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ В
ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ»**

**“LANGUAGE. CULTURE. TRANSLATION: INTERCULTURAL
COMMUNICATION IN THE DIGITAL AGE”**

ӘОЖ / УДК 80\81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

ISBN 978-601-385-093-1

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Бейсенбай А.Б.	- Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма мүшесі - академиялық мәселелер жөніндегі проректоры
Дүйсенғазы С.М.	- ф.ғ.к., филология факультетінің деканы
Сатенова С.К.	- ф.ғ.д., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының профессоры
Акижанова Д.М.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының меңгерушісі
Ескиндиrowa М.Ж.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Кенжигожина К.С.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Жұмай Н.	- Ph.D., аударма теориясы мен практикасы кафедрасының доценті м.а.
Ақшулакова Б.К.	- магистр, аударма теориясы мен практикасы кафедрасының аға оқытушысы

Халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның серіктестері

- Нью-Хейвен университеті (Коннектикут қ., АҚШ)
- Острава университеті (Острава қ., Чехия)
- Любляна университеті (Любляна қ., Словения)
- Селчук университеті (Конья қ., Түркия)
- Манас атындағы Қырғыз-Түрік университеті (Бішкек, Қырғызстан Республикасы)
- Л.М. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалы (Астана қ., Қазақстан)
- Кәсіби аудармашылар мен аударма компаниялар қауымдастығы (Астана қ., Қазақстан)

Партнёры международной научно – практической конференции

- Университет Нью-Хейвена (г. Коннектикут, США)
- Университет Острава (г.Острава, Чехия)
- Университет Любляна (г. Любляна, Словения)
- Университет Сельчук (г. Конья, Турция)
- Кыргызско-турецкий университет имени Манаса (г. Бишкек, Кыргызская Республика)
- Казахстанский филиал Московского государственного университета имени М.В. Ломоносова (г. Астана, Казахстан)
- Ассоциация профессиональных переводчиков и переводческих компаний (г. Астана, Казахстан)

Partners of the International scientific and practical conference

- University of New Haven (Connecticut, USA)
- University of Ostrava (Ostrava, Czech Republic)
- University of Ljubljana (Ljubljana, Slovenia)
- Selçuk University (Konya, Turkey)
- Kyrgyz-Turkish Manas University (Bishkek, Kyrgyz Republic)
- Kazakhstan Branch of Lomonosov Moscow State University (Astana, Kazakhstan)
- Association of Professional Translators and Translation Companies (Astana, Kazakhstan)

ӘОЖ / УДК 80/81

КБЖ / ББК 81.2

Т 93

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» атты II халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы = II Международная научно-практическая конференция «Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху» = II International scientific and practical conference «Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age» - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университет редакциясы – бет саны 291 – қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде

ISBN 978-601-385-093-1

«Тіл. Мәдениет. Аударма: цифрлық дәуірдегі мәдениетаралық қарым-қатынас» II халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы, аударма, тіл, мәдениет және мәдениетаралық коммуникация салаларына қызығушылық танытқан зерттеушілерге, оқытушыларға, аудармашы-практиктерге, білім алушылар мен жас мамандарға арналған. Конференция цифрлық дәуір жағдайындағы аударма, тіл және мәдениет салаларындағы өзекті мәселелерді талқылауға арналды. Ерекше назар аударма оқытуындағы инновациялық технологияларды қолдануға, мультимедиялық аудармада жасанды интеллекттің рөліне және мәдениетаралық коммуникация мәселелеріне бөлінді. Іс-шара ғылыми тәжірибе алмасуға, халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және жас зерттеушілерді қолдауға маңызды алаңға айналды.

Сборник материалов II международной научно-практической конференции, на тему **«Язык. Культура. Перевод: межкультурная коммуникация в цифровую эпоху»**, предназначен для исследователей, преподавателей, переводчиков-практиков, обучающихся и молодых специалистов, заинтересованных в области перевода, языка, культуры и межкультурной коммуникации. Конференция была посвящена обсуждению актуальных вопросов в области перевода, языка и культуры в условиях цифровой эпохи. Особое внимание уделялось использованию инновационных технологий в обучении переводу, роли искусственного интеллекта в мультимедийном переводе и проблемам межкультурной коммуникации. Мероприятие стало важной площадкой для научного обмена, налаживания международного сотрудничества и поддержки молодых исследователей.

Proceedings of the II international scientific and practical conference titled **«Language. Culture. Translation: Intercultural Communication in the Digital Age»** is intended for researchers, teachers, translators, students and young professionals interested in the field of translation, language, culture and intercultural communication. The conference was dedicated to discussing current issues in the fields of translation, language, and culture in the context of the digital age. Special attention was given to the use of innovative technologies in translation training, the role of artificial intelligence in multimedia translation, and challenges of intercultural communication. The event served as an important platform for academic exchange, fostering international collaboration, and supporting young researchers.

© Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2025

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2025

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилёва, 2025

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫС \ ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ \ PLENARY SESSION	
Влияние чешского языка на русский: интерференция в общении V. Vajdová	11
Bridging Bytes and Babel: AI, Transliteration, and the Future of Global Translation D. Popič, A. Zadorozhnaya	17
Intercultural communication: the Unavoidable Stereotypes P. Ianniello	21
«Методология обучения переводу»: актуальность и проблемы дисциплины Г.И. Кульдеева	25
Peculiarities of Translating Stylistic Devices in the Epics from Kyrgyz into English S.K. Mambaeва	31
A Literature Review on the Effectiveness of Remote Interpreting Platforms: a Comparison of Kudo, Interprefy, Voiceboxer, Interactio, Speakus, and Zoom O. Köksal, B.N. Zorlu	37
I СЕКЦИЯ \ I SECTION	
АУДАРМАТАНУ МЕН АУДАРМАНЫ ОҚЫТУДЫҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В ОБУЧЕНИИ ПЕРЕВОДУ И ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЮ INNOVATIVE TECHNOLOGIES IN TEACHING TRANSLATION AND TRANSLATION STUDIES	
Глоссированный перевод и его реализация в документировании языков С.Ж. Тажимаева, Н. Жұмай	45
Переводческое мастерство Г. Бельгера М.Б. Аамалбекова, Ш.К. Смагулова	49
Виртуальные занятия в обучении последовательному переводу: тематическое исследование A. Szczesny	55
Болашақ аудармашыларды аударма сапасын бағалауға үйретудің тиімді стратегиялары А.М. Куркимбаева	60
Making Conversation with the Help of Intentional Tools А.Р. Нажмеддинов	64
Evaluating the Effectiveness of Computer-Assisted Translation (CAT) Tools in Translation А.Т. Байекеуева	68
Формирование идиоматической компетенции у студентов-лингвистов Н.С. Логачева, Т.А. Трухина	74
Comparative Analysis of Literary Text Translation Using Grammar Transformations from English into Russian А.Т. Кондыбаева	78
Аударма сапасын сырттай бағалаудың тиімді тәсілдері Н.Р. Шенгельбаева, А.З. Мухитов	84
Аударма сапасын бағалаудың әдістері: теория мен практика арасындағы диалог А. Карелова, А.К. Жумабекова	90

Шет тілін оқытудағы аударматану элементтері: теория және тәжірибе <i>А.А. Алтынбаева</i>	94
Лингво-когнитивный аспект цветовой ассиметрии как переводческая проблема <i>Д.С. Кульмаганбетова, Г.И. Кульдеева</i>	98
От прямой к кругу: культурная адаптация через лингвистические трансформации <i>А. Иванов</i>	101
Переводческие трансформации в русско-казахскоязычных версиях романа Рэя Брэдбери «451 градус по фаренгейту» <i>М. Алибаева</i>	104
Quality Assessment of Machine Interpreting <i>К. Весельская</i>	108
Стратегии перевода англоязычных IT-неологизмов в переводе на русский и казахский языки <i>Ж. Абдуалиев</i>	112
II СЕКЦИЯ / II SECTION ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ АУДАРМА ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ И МУЛЬТИМЕДИЙНЫЙ ПЕРЕВОД ARTIFICIAL INTELLIGENCE AND MULTIMEDIA TRANSLATION	
From Text to Context: Chinese Culture Reflection in Chinese Internet Platforms <i>М. Уразбекова, Д. Кульмаганбетова</i>	116
Интеграция нейросетевых технологий в аудиовизуальный перевод: возможности и ограничения <i>К. Ережепова</i>	121
Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері атауларын аударуда жасанды интеллекттің ықпалы: ерекшеліктері мен қиындықтары <i>А. Кибасова</i>	127
Әртіпес фразеологизмдердің цифрлық платформасын құрудың ғылымдағы зерттелу тарихы мен тәжірибесі <i>А. Байқадам</i>	131
Трудности перевода лакун фольклорной прозе (на материале казахского, русского и английского языков) <i>А. Нурлан</i>	136
Технология аудиовизуального перевода полнометражных художественных фильмов <i>Б. Алибаева, Кульдеева Г.И.</i>	140
Машиналық аударма арқылы көркем әдебиетті аудару ерекшеліктері <i>А. Шмирова</i>	146
Cultural Translation of Kazakh Films into English: the Context of the Historical Film “The Crying Steppe” <i>А. Калышбек</i>	152
Стратегии перевода новостных блоков на казахский, русский и английский языки (на материале «Всемирных игр Кочевников в Казахстане») <i>И. Сүлейменова</i>	156
Мұнай және газ саласы терминдерін аударудағы тілдік-нормативтік аспект <i>А. Анатаева, С.К. Сатенова</i>	160
Компьютерлік ойындардағы терминологияны аударудағы қиындықтар <i>Т. Кольбаев, Б.Е. Боранкулова</i>	165
I	

II СЕКЦИЯ / III SECTION АУДАРМА ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА И МЕЖКУЛЬТУРНОЙ КОММУНИКАЦИИ PROBLEMS OF TRANSLATION AND INTERCULTURAL COMMUNICATION	
Роль социокультурного аспекта при переводе художественных текстов <i>В.В. Фефелова</i>	173
Переводческие трансформации в провокативном дискурсе <i>Ю.Г. Федорова</i>	177
Проблема лакуарности в переводческой деятельности <i>С.Н. Абдуллаев, Ж.Б. Эгимбаева</i>	182
Алаш аудармасы: Ахмет Мамытұлының аудармадағы ұстанымы <i>Л.Н. Дәуренбекова</i>	186
Comparative and Syntactic Analysis of Assertive Speech Acts in the Kazakh and English Translations <i>G.A. Sarbassova</i>	191
Проблемы развития системы высшего образования и ее интеграции в мировое образовательное пространство <i>У.Т. Аттокуров, А.А. Сагымбаев, Н.Р. Суранова</i>	196
Culture-Specific References and Linguistic Issues in the Factual Documentary Island Medics <i>Г.Д. Ергазинова</i>	204
Culture and Language <i>A.S. Boranbayeva</i>	210
Колоративті фразеологизмдердің бойындағы бинарлық оппозиция және оның тіларалық берілуі <i>Ю. Михайленко, Ж.М. Қоңыратбаева</i>	214
Pragmatic Barriers in Engineering Text Translation: A Grice Maxims Analysis <i>А.А. Iskakbayeva</i>	217
Medical Discourse in Literature: Translation Issues <i>Б.Е. Боранкулова, Д. Окульская</i>	221
Сниженная лексика: Н.В. Коляда в переводе на английский <i>В. Остякова</i>	225
Культурные и стилистические особенности перевода фразеологических единиц в мемуарной литературе <i>А. Ахметбек</i>	228
Вербальные средства выражения эмоций и их переводческая адаптация <i>Ж. Алғалиева, Г.И. Кульдеева</i>	232
The concept of “mankurtism” in literary translation (based on Chinghiz Aitmatov's work “The Day Lasts More than a Hundred Years”) <i>А. Ерікқызы</i>	238
Психология ғылымының терминін аударудағы ерекшеліктер (“Интернет психологиясы” кітабы бойынша) <i>Д. Указбек</i>	245
Formation of Professional Interpreter Skills: A Practitioner’s Perspective <i>Р. Нүкежанова</i>	247
Көркем аудармадағы тіркесті бірліктердің прагматикалық бейімделуі (Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері» атты романы негізінде) <i>К. Сейткенов, Ж.М.Қоңыратбаева</i>	250
Сравнительный анализ перевода казахских народных сказок об Алдаре Косе на русский и английский языки <i>А. Сапанова</i>	258

Проблемы перевода эвфемизмов в выступлениях Дональда Трампа <i>А. Ермек</i>	264
Перевод имен собственных с немецкого языка на русский язык на основе романа К.Функе «Чернильное сердце» <i>А. Семеновых, А.Г. Барова</i>	270
Особенности перевода фрагментов разговорной речи (на материале романа Х.Фаллады «Jeder Stirbt Für Sich Allein» и его перевод на русский язык) <i>А. Такиуллина, А.Г. Барова</i>	274
Equivalence in Translating Kazakh Kinship Terms in Literary Translation (based on B. Nurzhekeev's novel "Oh, Life") <i>М. Темиржанова, С.Ж.Тажибаяева</i>	280
Bridging Words: Abai's «Word One» across Cultures and Languages <i>А. Кадирбекова</i>	288

отсутствию серьезных научных исследований в данной области и нехватке специалистов, обладающих профессиональными навыками работы с АВП.

2. Аудиовизуальный перевод - новый особый вид перевода в ряду традиционно принятых и признанных видов перевода, таких как устный и письменный. АВП имеет свои специфические технологии и требует от аудиовизуального переводчика не только знания языков на уровне С1 и С2, но и специальных знаний и навыков.

3. Работа над АВП кинофильма “Король говорит!”, в частности анализ эпизода диалог между принцем Альбертом и логопедом Лайонелем Логом показал, что аудиовизуальный переводчик должен обладать знаниями в области культурологии, позволяющие учитывать особенности национального и международного контекста, физиологии человека для правильного восприятия визуальной и слуховой информации, психологии, чтобы передать эмоции и мотивации персонажей, навыками работы с технологическим сопровождением аудиовизуального перевода.

Таким образом, аудиовизуальный перевод представляет собой сложную и многогранную область, требующую междисциплинарного подхода и высокой квалификации специалистов. Развитие данной сферы в Казахстане требует большего внимания как со стороны научного сообщества, так и со стороны государственных органов, регулирующих трудовые ресурсы экономики Казахстана, а также индустрии массовой культуры.

Список литературы

1. Díaz Cintas J. (2008). The Didactics of Audiovisual Translation. Philadelphia: John Benjamins Publishing Company, 1-18.
2. Gambier Y. (2012). The position of audiovisual translation studies. The Routledge Handbook of Translation Studies. ed. by C. Millan and F. Bartrina, 45–59.
3. Remael A. (2010). Audiovisual translation. Handbook of translation studies. Vol.1. John Benjamins Publishing Company, 12–18.
4. Калиева А.Г., Жапарова А.Ж. (2023). Особенности и основные проблемы аудиовизуального перевода. *Вестник ЕНУ. Серия филология*, 2(143), 191-197.
5. Бегадилова К. (2014). Киномәтінді аудару ерекшеліктері. ЕНУ им.Л.Н. Гумилева. “Хабаршы”, 3 (100), 299.
6. Козуляев А.В. (2013). Аудиовизуальный полисемантический перевод как особая форма переводческой деятельности и особенности обучения данному виду перевода. Санкт-Петербург: XVII Царскосельские чтения: материалы междунар. науч. конф., 374–381.
7. Козуляев А.В. (2015). Методические принципы построения и опыт работы спецкурсов аудиовизуального перевода для дубляжа, закадрового озвучивания и субтитрирования для учащихся старших курсов вузов и как части системы повышения переводческой квалификации. Профессионально ориентированное обучение иностранному языку и переводу в вузе: материалы ежегодной междунар. конф., 54–57.

Г.И.Кульдеева¹, *Б. Алибаева²

¹ф.ғ.д., профессор, ²1 курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

¹ORCID: 0009-0004-6495-3246

*alibaevab@gmail.com

Толықметражды көркем фильмдерді аудиовизуалды аудару технологиясы

Аңдатпа. Бұл мақалада толықметражды көркем фильмдерді аудиовизуалды аудару технологиясы талданады. Қазақстан Республикасында бұл мәселенің жеткілікті деңгейде зерттелмегеніне ерекше назар аударылады. Қазіргі медиаплатформаларда аудиовизуалды аударманың маңызы артып келе жатқанына қарамастан, бұл сала Қазақстанда әлі де толыққанды зерттелмеген. Аудиовизуалды аударма контентті кең аудиторияға

қолжетімді етуге ықпал ететін маңызды құрал болып табылады және оның мәдени әрі білім беру салаларындағы рөлі зор. Автор аудиовизуалды аударма бойынша жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламалары мен арнайы курстарды енгізу – Қазақстандағы медиаиндустрияда бұл саланы дамытуға бағытталған маңызды қадам болатыны жөнінде қорытынды жасайды.

Түйін сөздер: аудиовизуалды аударма, дубляж, субтитрлеу, лексикалық трансформациялар, грамматикалық трансформациялар.

G.I. Kuldeyeva¹, *B. Alibayeva²

¹Doctor of Philological Science, Professor, ²1-year Master Degree Student
L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

¹ORCID: 0009-0004-6495-3246

[*alibaevab@gmail.com](mailto:alibaevab@gmail.com)

Technology of Audiovisual Translation of Feature-Length Films

Abstract. This article analyzes the technology of audiovisual translation of feature films. Particular attention is paid to the insufficient development of this issue in the Republic of Kazakhstan. Despite the growing importance of audiovisual translation in modern media platforms, this field remains underexplored in Kazakhstan. Audiovisual translation plays a key role in ensuring the accessibility of content to a wide audience, highlighting its significance in cultural and educational contexts. The author concludes that the introduction of educational programs and specialized courses in audiovisual translation in higher education institutions can be an important step in the development of this sector in the media industry of Kazakhstan.

Keywords: audiovisual translation, dubbing, subtitling, lexical transformations, grammatical transformations

FTAXP 16.31.41

А. Шиминова

2-курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
ayaulym.shimirova@mail.ru

Түр-түс білдіретін тұрақты тіркестердің машиналық аудармадағы көрінісі

Аңдатпа. Мақалада машиналық аударма технологияларын қолдану арқылы көркем әдебиетті аудару процесінің ерекшеліктері қарастырылады. Машиналық аударма жүйелері, оның ішінде ережелерге негізделген (RBMT), статистикалық машиналық аударма (SMT) және нейрондық машиналық аударма (NMT) алгоритмдері арқылы қазақ тіліндегі мәтіндердің ағылшын тіліне аударылу ерекшеліктері зерттеледі. Мақалада машиналық аударма жүйелерінің шектеулері мен артықшылықтары, сондай-ақ көркем мәтіндерді аударуда қолданылатын түрлі әдістер мен тәсілдер талданады. Аударма сапасын арттыру үшін қосымша технологиялар мен әдіс-тәсілдердің, мысалы, нейрондық желілер мен жасанды интеллекттің маңызы түсіндіріледі. Сонымен қатар, көркем шығармаларды аудару кезінде мәдениетаралық айырмашылықтарды ескерудің, тілдің ерекше құрылымдарын сақтау мен түпнұсқалық мәнді беру қажеттілігі де сөз болады.

Түйін сөздер: машиналық аударма, машина аударма түрлері, көркем аударма, аударма алгоритмдері.

Кіріспе

Қазіргі технология дамыған заманда, ақпарат кеңістігі кеңейе түсуде. Сонымен қатар аудармашыға деген талаптар да күшею де. Ол талаптардың бірі – аудармашының

жылдамдығы. Кей жағдайда үлкен көлемді шығарманы қысқа мерзімде аудару кезінде, аудармашыға көмекке машиналық аударма құралдары келеді. Машиналық аударма — бұл бір тілдегі мәтінді немесе сөзді басқа тілге автоматты түрде аудару процесі, оны компьютерлік бағдарламалар немесе жасанды интеллект (AI) жүйелері жүзеге асырады. Бұл процесс үшін арнайы алгоритмдер мен тілдік модельдер пайдаланылады, олар сөздер мен сөйлемдердің құрылымын, мағынасын және грамматикалық ережелерін ескеріп, аударма жасайды [1].

Машиналық аударма тарихы 1940-шы жылдардың соңында басталды. Алғашқы зерттеулердің бірі 1947 жылы АҚШ-тағы IBM компаниясының қызметкері, инженер В. Н. Кеоффенің негізгі жұмысы болды. Бұл кезеңде машиналық аударма тек эксперименттік сипатта болғандықтан, бірінші қолданбалы аударма жүйесі 1954 жылы АҚШ-та іске қосылды. Ал 1954 жылы Georgetown-IBM жобасы шеңберінде АҚШ-тағы зерттеушілер орыс тілінен ағылшын тіліне аударма жасауды мақсат етті. Бұл жобада 60 сөзді ғана аударуға болатын жүйе құрылды [2]. 1960-шы жылдары машиналық аударма жүйелері бірінші рет нақты ережелер мен грамматикалық құрылымдарды қолдана бастады. Бұл кезеңде ереже бойынша аударма әдістері танымал болды. Мұнда аударма жүйелері тілдің грамматикалық ережелерін қатаң орындап, белгілі бір ережелерді қолдануға негізделді. Бұл әдісте тілдің құрылымы мен синтаксисі негізінде аударма жасалады, бірақ контексті мен мағынаны толығымен түсіну мүмкіндігі шектеулі болды. Деседі, бұл кезеңде аударма сапасы әлі де өте төмен еді [3]. 1980-жылдардың ортасынан бастап, статистикалық машиналық аударма (SMT) әдістері дамыды. Бұл әдіс мәтіндерді үлкен көлемде талдау арқылы, тілдер арасындағы статистикалық байланыстарды анықтауға негізделеді. SMT жүйелері аударма үшін мәтіндерді үлкен көлемде пайдалануды талап етеді, бірақ олар грамматикалық ережелерді қатаң қолданудан гөрі, аударма жұмысына тәжірибеге сүйенеді. Мысалы, IBM компаниясы 1980 жылдардың соңында SMT әдісін қолдануға негізделген алғашқы жүйесін әзірлеген. 2010 жылдардың басында нейрондық машиналық аударма (NMT) технологиясы пайда болды. NMT жүйелері нейрондық желілерді пайдалана отырып, мәтіннің мағынасын, контекстін және сөйлем құрылымын тереңірек түсінеді. Бұл әдіс бұрынғы статистикалық әдістерден әлдеқайда тиімді, себебі ол аударма сапасын арттырып, табиғи тілдік құрылымдарға жақын нәтижелер көрсетті.

Қазіргі таңда машиналық аударма жүйелері әлі де даму үстінде. Жасанды интеллект, терең оқыту және басқа да заманауи технологиялар аударма сапасын жақсартуда маңызды рөл атқаруда. Машиналық аударма жүйелері тілдерді ғана емес, сонымен қатар тілдің лингвомәдени және реалиялық айырмашылықтарды да ескеруге тырысады. Машиналық аударма кезінде адам мен компьютер арасындағы өзара әрекеттесуден бөлек, машиналық аударма процесі жұмыс алгоритмдерін құру тәсіліне байланысты да бөлінеді. Атап айтсақ, аударма процесі *машиналық аударма ережелеріне негізделген (яғни, "rule-based")* немесе *статистикаға негізделген (яғни, "statistical-based")* болуы мүмкін [4]. Қазіргі таңда бұл процесстің қатарына *нейрондық машиналық аударманы да (NMT)* жатқыза аламыз.

Ережелерге негізделген машиналық аударма (RBMT) — әр тілдің ережелері мен грамматикасына негізделіп жұмыс істейтін машиналық аударма жүйесі. Аударма жүйесі бастапқы тілдегі мәтінді талдау арқылы мақсатты тілге аудару үшін нақты ережелер мен сөздіктерді қолданады [5]. Ережелерге негізделген машиналық аударма жүйелерінің ең танымал аударма машиналарының бірі — PROMT.One (Ресей) және SYSTRAN Translate (Франция).

Статистикалық машиналық аударма (Statistical Machine Translation, SMT) — бұл машина үлкен мәліметтер базасын пайдаланып, бір тілден екінші тілге мәтінді салыстырып, статистикалық әдістермен аударма жасайтын жүйе. Бұл аударма машинасы көптеген аудармалар мен үлгілер арқылы өздігінен «үйреніп», уақыт өте келе дәлдігін арттырады [6]. Бұл алгоритмдерді көптеген танымал онлайн аударма сервистері, атап айтсақ, Яндекс Переводчик (Ресей), Google Translate (АҚШ), Bing Microsoft Translator (АҚШ) және басқа да жүйелер пайдаланады.

Нейрондық машиналық аударма (NMT, Neural Machine Translation) — бұл терең үйрену (deep learning) әдістерін қолданатын машиналық аударма жүйесінің түрі. NMT жүйесі аударма жасау үшін нейрондық желілерді пайдаланады, яғни, адам миының жұмыс істеу принципіне ұқсас алгоритмдер арқылы мәтіндерді бір тілден екінші тілге аудармады. NMT жүйесінің басқа машиналық аударма әдістерінен (мысалы, ережелерге негізделген немесе статистикалық машиналық аудармадан) сөйлемді не мәтінді бөлшектерге бөлмей, тұтастай өңдей алуымен өзгешеленеді. Қазіргі таңда, Google Translate және Microsoft Translator сияқты танымал аударма жүйелері нейрондық машиналық аударма технологиясын пайдаланады. Дегенмен NMT жүйесінің халық арасындағы ең танымалы Chat GPT құралы.

Талдау негізіне Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы мен Prompt.One; Google Translator және Chat GPT аударма құралдары алынды. Мақалада жоғарыда көрсетілген машиналық аударманың үш түрлі алгоритмне негізделген аударма машиналарымен көркем әдебиет үзінділерін аударатын боламыз. Көркем аударма – әдеби шығармашылықтың бір түріне жатады [7]. Көркем әдебиетті аудару кезінде аудармашы ескеретін көп тұстары бар. Атап айтсақ, автордың негізгі ойын түсініп, оны аударма тілінде жеткізу; мәдени ерекшеліктермен таныс болу және оны сақтау т.б. міндеттерді талап етіледі. Машиналық аудармада адам мен компьютер арасындағы өзара әрекеттесуді үш түрге бөлуге болады: аудармадан кейінгі түзету; аудармаға дейін түзету; аударма кезіндегі түзетулер [9]. Төменде ұсынылатын мысалдарда машиналардың көркем әдебиетті түпнұсқа мәтінді аударуын және аудармаға дейін түзетілген түпнұсқа мәтінін талдаймыз.

Түпнұсқа:

Арғы бетте өкшелері жалтыраған *қара сирақ диқандар* маң-маң басып дән сеуіп жүр [10,106].

Prompt.One аудармасы:

On the back are *black grain crops* flashing in heels.

Жалпы, қазақ әдебиетінде фразеологиялық тіркестерді көркемдегіш құрал ретінде пайдалану әсте таңсық дүние емес. Ғасырлар бойы сарылып, ұлттың танымын білдіретін фразеологиялық тіркестердің мағынасын әдетте сол тілде сөйлетін халық қана түсінеді. Жасалуы бойынша да ерекшеленетін бұл сөз тіркестер тобы әсте тікелей мағынада емес, астарлы мағынада қолданылатындықтан кей жағдайда ана тілін еркін меңгерген адамдар үшін де қиынға соғып жатады. Ең алдымен сөйлемде берілген фразеологиялық сөз тіркесіне назар аударайық. Қазақ тілінде «*қара сирақ*» сөзі тақыр кедей, жарлы адам дегенді білдіреді [8]. *RBMT* алгоритміне негізделген Prompt.One аударма құралы бұл сөз тіркесін «*black grain crops*», яғни «*қара дәнді дақылдар*» деген мағынада берген. Мұнан байқайтынымыз, берілген сөз тіркесінде тіркес құрылымын өзгерту арқылы өрескел қателіктер жіберген. Нақтырақ айтсақ, «*grain*» сөзі түпнұсқада мүлдем жоқ. Сондай-ақ, аудармада «*диқандар*» яғни адамды білдіретін сөз бірлігі «*crops*» сөзіне айналып кеткен.

Google Translator аудармасы: On the other side, farmers with shiny *black heels* are walking around sowing grain.

Ал *SMT* алгоритміне негізделген Google Translator аудармасы бізге «*farmers with shiny black heels*» аудармасын ұсынады. Бұл жерде "сирақ" сөзі түсіріліп, ағылшын тіліндегі "shiny black heels" тіркесі арқылы нақтырақ бөлшектелген бейнені береді. Қазақ тілінде «shiny» сөзі "жалтыраған" деп аударылса, ал "heels" сөзі аяқ киімнің өкшесін көрсетеді, нақтылау тәсілі қолданылған.

Chat GPT аудармасы: On the far side, the *black-legged farmers* with shining heels are walking briskly, scattering seeds.

NMT алгоритміне негізделген Chat GPT аудармасы бізге «*black-legged farmers*» аудармасын ұсынады. Мұнда да тікелей денотатты аударма түрін көреміз. Құрылымы жағынан дұрыс деп қарастырғанымызбен, ағылшын түсінігінде қара нәсілді адамдар бар екенін ескерек болсақ, олардың көз алдына қара нәсілді адамдар елестеуі мүмкін, бұл өз кезегінде қате түсінікке алып келеді.

Аудармаға дейінгі түзетілген сөйлем:

Арғы бетте жалаң аяқ кедей диқандар асықпай басып дән сеуіп жүр.

- On the other side, only *the poor* walked and sowed grain (Prompt.One).

- On the other side, poor, *barefoot farmers* are slowly sowing their grain (Google Translator).

- On the other side, *barefoot poor peasants* are walking slowly, scattering seeds (Chat GPT).

Ресми аударма нұсқасы: On the opposite shore, spanning the entire width of the mountain-enclosed valley, preceding the capital of this southern kingdom - peaceful farmland, which unfolded in front of them, lined with many bustling, **barefoot peasants** [11,27 б].

Аудармашы маман ұсынған нұсқасында «barefoot peasants» аудармасын көре аламыз. Ағылшын тілінде «barefoot» сөзінің денотатты мағынасы «жалаңаяқ» дегенді білдіресе, коннотациясы қазақ тіліндегідей «жалаңаяқ кедей, тақыр кедей» мағынасын береді. Ал «peasants» сөзі диқаншылықпен айналысатын қарапайым шаруа деген мағына береді. Аудармашы лексикалық нақтылау әдісін қолдана отырып, доместикалық стратегия арқылы береді. Аудармаға дейінгі түзетуден кейінгі машина аудармаларын аудармашы маманның аудармасымен салыстырар болсақ, әлі де жермен көктей екенін байқауға болады. Десе де, түпнұсқадағы сөйлемнің негізгі ойын жеткізе алды деп ойлаймыз. Атап өтер жайт, түзетуден кейінгі аудармада Chat Gpt-дің мен аудармашы маманның «*қара сирақ диқандар*» тіркесінің аудармасы бір жерден шығып отыр.

Келесі сөйлемде:

Түпнұсқа:

Самсаған сары қолмен көк желкеге келіп шатыр тігіп жатып алған ата дұшпандай бірден қол салмаса да, күн өткен сайын төбе-құйқанды шымырлатып, сеніміңді сетінете түседі.

Prompt.One аудармасы: And although *Samsana* will not be allowed right away, like an enemy who came with a *yellow hand* to the *blue back* of his head and set up a tent, he offends you more and more every day.

Google Translator аудармасы:

Even though the old man, who came to your *blue sail* with his *yellow hands* and pitched a tent, may not attack you right away like an enemy, he will continue to strengthen your faith and strengthen your confidence with each passing day

Chat Gpt аудармасы: Like a long-time enemy, who, with its *yellowed hands*, sets up camp on the *back of your head*, it doesn't attack right away, but as the days go by, it steadily tightens its grip, making your neck tingle and eroding your confidence."

Үш аударма машинасын салыстыру барысында, Prompt.One аударма құралының басқа екі аударма машинасына қарағанда бірнеше қателік жасағанын көруге болады. Ең алдымен, ағылшын тілінде берген «*Samsana*» сөзіне тоқталайық. Машина құралы қазақ тіліндегі «самсаған» сөзін түсіне алмай, жалқы есім ретінде лексикалық трансформацияның транскрипциялау тәсілі арқылы бергенін байқаймыз. Сондай-ақ, грамматикалық орын ауыстыруды да көреміз. Ал қалған Google Translator машинасы түсіріп тастап, оның орына грамматикалық орын ауыстыру және сөз табын ауыстыру арқылы «*ата дұшпандай*» деген теңеу сөзін бөліп, «ата» сөзін зат есімге айналдырып жібереді. Үш машинада жасаған ортақ қателік «самсаған сары қол» сөзін түсіне алмаған. Деседе, кейбір сөз тіркестерін аудару барысында Chat Gpt озық екенін байқауға болады. Мысалы: «*көк желкеге*» деген тіркесті, өзге екі машина аудармасына қарағанда сөзбе-сөз аударылмай, коннотация арқылы берілгенін көреміз. «*Сетінете түсу*» тіркесі де өте сәтті аударылғанын көруге болады. «*Сетінету*» сөзінің негізгі мағынасы «*азайту, шеттету*» дегенді білдіреді. Алайда, өзге екі машина аудармасы «*more and more*» (көбею, еселену) не «*strengthen*» (күшейту) мағынасында берсе, Chat Gpt машинасы ғана «*eroding*» (түсіру, азайту) мағынасын береді.

Машина аудармасына дейін түзетулер енгізіп көрейік. Ол үшін сөйлемде кездесетін кейбір сөз тіркестерінің мағынасын ашып алсақ. «*Самсаған сары қол*» – *қалың әскер*; «*көк*

жселке» – ту сырты; «ата дұшпан» – ежелгі жау; «қол салу» – жасақпен шабуыл жасау; «сетінету» – азайту.

- Қалың әскерімен *ту сыртыңнан* келіп шатыр тігіп жатып алған *ежелгі жауыңдай* бірден әскерімен шабуылдамаса да, күн өткен сайын төбе-күйқанды шымырлатып, сеніміңді азайта түседі (*өңделген түпнұсқа*).

- *As an ancient enemy* who came with a large army from over the mountain and pitched a tent, he will not attack his army immediately, but every day less and less (*Prompt.One*).

- *Even if your ancient enemy*, who came from *behind* with a large army and pitched a tent, does not immediately attack you with his army, he will still make you feel worse and lose your confidence with each passing day (*Google Translator*).

- *The swarming army* comes and sets up camp on *the back of your neck*, like an ancient enemy. Although it doesn't immediately attack, with each passing day, it gradually *tightens your nerves* and slowly *erodes your confidence* (*Chat Gpt*).

Берілген сөйлемді аудармашы маман бұл сөйлемді түсіріп тастағандықтан, машиналық аудармалармен салыстыра алмаймыз. Өңделген нұсқасы бойынша аудармаларды талдасақ, бастапқы мәтіннің аудармасына қарағанда аударма әлдеқайда түсініктірек шыққанын көреміз. Дегенмен де көркем аударманың стильдік ерекшеліктерінде естен шығармау керек. Бұл жағдайда Chat GPT аударма машинасы әлдеқайда алға озып тұр.

Үш аударма құралдарын салыстыру барысында *Ережелерге негізделген машиналық аударма (RBMT)* мен *Статистикалық машиналық аудармаға (SMT)* қарағанда, *Нейрондық машиналық аударма (NMT)* алға озып тұрғанын көруге болады. Бастапқы екі аударма машиналары, атап айтсақ Prompt.One және Google Translator көркем әдебиет шығармаларындағы ойды оқырманға жеткізе алмады. Сондай-ақ, тұрақты тіркестерді аударуда өрескел қателіктер жіберді. Дегенмен де, түпнұсқа мәтінін алдын-ала өңделген нұсқасында екі машина құралы көздеген мақсатқа жете білген. Алайда, көркем әдебиеттің стилдік ерекшесін ескерер болсақ, *Нейрондық машиналық аударма* аудармашыға таптырмас құрал болуы анық.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Айвазян С.А., Енюков И.С., Мешалкин Л.Д. Прикладная статистика: основы моделирования и первичная обработка данных. — М.: Финансы и статистика, 1983. — 471 с.1
2. Флах П. Машинное обучение. - М.: ДМК Пресс, 2015. - 400 с.
2. Гудфеллоу Я., Бенджио И., Курвилль А. Глубокое обучение. — М.: ДМК Пресс, 2018. — 652 с
3. Андреева А.Д. Обзор систем машинного перевода / А. Д. Андреева, И. Л. Меньшиков, А. А. Мокрушин. // Молодой ученый. – 2013. – № 12 (59). – С. 64–66.
4. Sumita E. Translating with Examples: A New Approach to Machine Translation / E. Sumita, H. Iida, H. Kohyama. // The Third International Conference on Theoretical and Methodological Issues in Machine Translation of Natural Language, – 1990. – P. 203–212
5. 6.. Сокирко А. Будущее машинного перевода / А. Сокирко. // Компьютерра. – 2002. – № 21. – . С. 15
6. Литературный энциклопедический словарь / под общ. ред. В.М. Кожевникова, П.А. Николаева.—М.: Сов. энцикл., 1987.
7. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. - Алматы: "Арыс" баспасы, 2007. - 800 б. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст. А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитханұлы және т.б. - Алматы, 2011. - 752 б.
8. Arenas A. Pre-editing and Post-editing / A. Arenas. // The Bloomsbury Companion to Language Industry Studies (Bloomsbury Companions). – London: Bloomsbury Academic, 2020. – P. 333–360
9. Ө.Кекілбаев Аңыздың ақыры. https://shkola-isatai.at.ua/ld/2/218_abish-kekilbaye.pdf

10. A.Kekilbaev End of the Legend. Translated from Russia by Marina Vladi Kartseva and I.K [the end of legend.pdf](#)

А. Шиминова

магистрант 2 курса

Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

ayaulym.shimirova@mail.ru

Отражение устойчивых словосочетаний с цветообозначениями в машинном переводе

Аннотация. В статье рассматриваются особенности процесса перевода художественной литературы с использованием технологий машинного перевода. Анализируются особенности перевода казахских текстов на английский язык с помощью систем машинного перевода, таких как основанный на правилах перевод (RBMT), статистический машинный перевод (SMT) и нейронный машинный перевод (NMT). В статье обсуждаются как ограничения, так и преимущества машинного перевода, а также методы и подходы, применяемые при переводе художественных текстов. Обосновывается значение дополнительных технологий и методик, таких как нейронные сети и искусственный интеллект, для повышения качества перевода. Особое внимание уделяется необходимости учитывать межкультурные различия, сохранять языковые особенности и передавать оригинальный смысл при переводе художественных произведений.

Ключевые слова: машинный перевод, виды машинного перевода, художественный перевод, алгоритмы перевода.

A.Shimirova

2nd year Master Degree Student

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

ayaulym.shimirova@mail.ru

The Representation of Color-Related Idiomatic Expressions in Machine Translation

Abstract. This article explores the specific features of translating literary texts using machine translation technologies. It investigates the translation of Kazakh texts into English through different machine translation systems, including rule-based machine translation (RBMT), statistical machine translation (SMT), and neural machine translation (NMT). The article discusses both the limitations and advantages of machine translation, as well as various methods and techniques used in literary translation. The importance of additional technologies and methods—such as neural networks and artificial intelligence—for improving translation quality is highlighted. Furthermore, the paper emphasizes the need to consider intercultural differences, preserve unique language structures, and convey the original meaning when translating literary works.

Keywords: machine translation, types of machine translation, literary translation, translation algorithms.